




2026 ЖЫЛҒЫ КӨКТЕМГІ МАУСЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ ОРТАША МӘНІ МЕН АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫН МӨЛШЕРІНІҢ АНОМАЛИЯЛАРЫ БОЙЫНША МАУСЫМДЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ

Бюллетень мемлекеттік органдарды, салалық ұйымдарды, ғылыми қауымдастықты және басқа да мүдделі пайдаланушыларды Қазақстан аумағындағы қазіргі климаттық жағдайлар туралы жедел ақпараттандыруға арналған.

ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

- 2026 жылдың көктемінде ауаның орташа айлық температурасы климаттық нормадан **2,42 °C-қа жоғары болды**
- Жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан төмен болып, нормадан **-9,8 мм құрады**



1-сурет – 1941–2026 жж. кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша көктемдегі орташа ауа температурасы (а) (°C) пен атмосфералық жауын-шашын (б) (%) аномалияларының уақыттық қатарлары. Аномалиялар 1991–2020 жж. базалық кезеңіне қатысты есептелді

АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ

2026 жылдың көктемінде Қазақстанның бүкіл аумағында ауа температурасының оң аномалиялары байқалды (1а-сурет). Көктемгі маусымдағы ауаның орташа температурасы климаттық нормадан 2,42 °С-қа жоғары болды. Нормадан осындай оң ауытқулар алдыңғы бақылау жылдарында, атап айтқанда 2008 және 2025 жылдары да тіркелген. Бақылау кезеңіндегі ең жылы көктем маусымы 2025 жыл болып қала береді, сол кезде орташа ауа температурасының аномалиясы 3,01 °С-ты құрады.


Ауа температурасының ең жоғары оң аномалиялары Қазақстанның батыс және солтүстік-батыс өңірлерінде байқалды. Климаттық нормадан ең жоғары оң ауытқу +4,4 °С болып, Ақтөбе облысындағы Шалқар метеостанциясында тіркелді.

«Экстремалды жылы» санатына Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында орналасқан 82 метеостанция енгізілді, сондай-ақ Шығыс

өңірден басқа Қазақстан аумағының дерлік барлық бөліктерінде осы жағдай байқалды. Ауытқыманың аспауы ықтималдығы 95–100 % құрады (2-сурет).

Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс өңірлерінде орналасқан метеостанциялар, сондай-ақ Павлодар және Батыс Қазақстан облыстарының аумақтарында және кейбір басқа облыстардың жекелеген аудандарында «жылы» санатына жатқызылды. Бұл аймақтарда асырылмау ықтималдығы 75–95 % аралығында болды.

Температуралық режим климаттық нормаға жақын болған метеостанциялар ретінде Шығыс Қазақстан облысындағы Ақжар, сондай-ақ Маңғыстау облысындағы Ақтау және Тұщыбек метеостанциялары тіркелді. Қазақстан аумағында көктемгі кезеңде ауа температурасының теріс аномалиялары байқалған жоқ. 2026 жылдың көктемгі маусымында сәуір айында тоғыз метеостанцияда бақылау кезеңі ішінде ауа температурасының абсолюттік максималды мәндері жаңартылды.



2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы көктемдегі орташа айлық ауа температурасы (°С) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫШ-ШАШЫН

2026 жылдың көктемінде түскен жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан 9,8 мм-ге төмен болды. Көктемгі маусымдағы жауын-шашын аномалияларының уақыттық қатарын талдау ылғалды және құрғақ кезеңдердің алмасып отыратынын көрсетеді, алайда соңғы екі жылда жауын-шашынның тұрақты тапшылығы байқалады.

2026 жылдың көктемі Қазақстан аумағында жауын-шашынның кеңістіктік біркелкі таралмауымен сипатталды (16-сурет). Климаттық нормадан 120 %-дан асатын жауын-шашын мөлшері елдің батыс өңірлерінде, Қостанай облысының солтүстігі мен оңтүстігінде, Ақмола облысының солтүстік бөлігінде, сондай-ақ оңтүстік өңірлердің жекелеген аумақтарында байқалды.


Ең жоғары көрсеткіштер — климаттық норманың 160 % жоғары жауын-шашын — Қазақстанның бес облысының жекелеген

жерлерінде тіркелді: Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Ақмола және Жамбыл облыстары (3-сурет). Ақтөбе облысындағы Қос-Істек метеостанциясында ылғалдану жағдайы «экстремалды ылғалды» деп бағаланып, 5 % экстремумға сәйкес келді.

Жауын-шашын тапшылығы Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының аумағында, Ақмола облысының шығыс бөлігінде, Павлодар облысының оңтүстігінде, сондай-ақ Ұлытау және Жетісу облыстарында байқалды.

Сондай-ақ елдің солтүстік-батыс, солтүстік, оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлерінің жекелеген аудандарында жауын-шашын тапшылығының жергілікті аймақтары тіркелді.

«Экстремалды құрғақ» санатына сәйкес келетін жауын-шашын көрсеткіштері (асырылмау ықтималдығы 0–5 %) Жаңаарқа (Ұлытау облысы), Қордай (Жамбыл облысы), Жалаңашкөл (Жетісу облысы) және Самарка (Шығыс Қазақстан облысы) метеостанцияларында тіркелді.



3-сурет. 2026 жылғы көктемдегі атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің (1991–2020 жж. кезеңге есептелген норма % бойынша) және атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі)

«Қазгидромет» РМК Ғылыми-зерттеу орталығының Климатты зерттеу бөлімімен дайындалды (Астана қ.)

Орындаушылар:

С. Сағиев – ҒЗО КЗБ жетекші ғылыми қызметкері

Н. Абдолла – ҒЗО КЗБ жетекші инженері